

Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 185 қаулысы

Қырғыз Республикасындағы қолайсыз табиғи-климаттық жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі ізгілік жүкті Қырғыз Республикасындағы межелі пунктке дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны анықтасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 2 сәуірдегі
№ 185 қаулысына
қосымша

Қырғыз Республикасына ресми ізгілік көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.11.2015 № 899 қаулысымен.

Р / с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Жоғары сұрыпты бидай ұны	тонна	400
2	Өсімдік майы	литр	84 000
3	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.11.2015 № 899 қаулысымен.		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК